

Е. Рахметуллин<sup>1\*</sup> , Е. Сайлаубай<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан, Семей қ.

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

\*e-mail: alash.azamaty@mail.ru

## АЛАШОРДАНЫҢ ӘСКЕРИ ҚАЙРАТКЕРІ – ХАМИТ ТОҚТАМЫШЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мақалада ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі қалыптасқан саяси ахуал мен әскери қайраткер Хамит Тоқтамышев өмірінің айрықша қырлары қамтылған. Тұлғаның төңкеріске дейінгі өмір жолы мен қызметі зерттеушілер үшін әлі де зерделеуді қажет етеді. Дегенмен де, зерттеу жұмысымызда қайраткердің ғұмырнамасы мен қызметінің беймәлім қырларын зерделеуге талпыныстар жасалды. 1917-1920 жылдардағы саяси оқиғалар мен Азамат соғысы жылнамасы Алаш қозғалысы тарихымен тығыз байланысты. Осы жылдардағы тарихи құжаттарда Алаш қайраткерлерімен қатар, Хамит Тоқтамышевтың есімі жиі ұшырасады. Осы ретте авторлар қайраткердің әскери саладағы қызметіне басымдық бере отырып, мұрағат қорларындағы құжаттар арқылы ғылыми тұрғыда негіздеген. Әсіресе, Хамит Тоқтамышевтың Алашорда Әскери бөлімінің меңгерушісі ретінде сібірлік саяси күштермен қарым-қатынасы құжаттар негізінде дәйектелген. Сондай-ақ антибольшевиктік күштер сапында әрекет еткен Алаш әскери құрылымдарының басында Хамит Тоқтамышевтың есімі құрметпен аталады. Яғни, отандық және ресейлік мұрағат қорларындағы құжаттар Хамит Тоқтамышевтың Азамат соғысы жылдарында ұлттық әскери құрылымдарды қалыптастырудағы басты әскери тұлға ретінде екендігін айғақтай түседі. Зерттеуде Алаш офицерінің кәсіби әскери қызметі мен тағдыры жан-жақты сараланып, тың деректік талдау нәтижесінде ғылыми көпшілікке ұсынылды.

**Түйін сөздер:** Алашорда, әскери кеңес, Алаш полкі, милиция, Сібір үкіметі, кеңестік билік, Азамат соғысы.

E. Rakhmetullin<sup>1\*</sup>, E. Sailaubai<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Shakarim University of Semey, Kazakhstan Semey

<sup>2</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

\*e-mail: alash.azamaty@mail.ru

## The life and work of the military leader for alashorda's – Hamit Tuktamysheva

The article highlights the current political situation in the first quarter of the twentieth century and special aspects of the life of the military figure Khamit Toktamysov. The chronicle of political events and the Civil war of 1917-1920 is inextricably linked with the history of the Alash movement. In historical documents of these years, along with the figures of Alash, the name of Hamit Tuktamyshev is often mentioned. At the same time, the author focused on the activities of the figure in the military sphere, scientifically justifying it with documents from archival funds. In particular, Khamit Tuktamyshev's relations with the Siberian political forces, as the head of the Alashorda military unit, are supported by documents. Also, at the head of the Alash military formations that operated as part of the anti-Bolshevik forces, the name of Hamit Tuktamyshev is respectfully called. The study comprehensively analyzes the professional military activities and the fate of the Alash officer, who was presented to the scientific community as a result of a detailed analysis.

**Key words:** Alashorda, military Council, Alash regiment, militia, Siberian government, Soviet power, Civil war.

Е. Рахметуллин<sup>1\*</sup>, Е. Сайлаубай<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет имени Шакарима города Семей, Казахстан, г. Семей

<sup>2</sup>Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

\*e-mail: alash.azamaty@mail.ru

## Жизнь и деятельность военного деятеля алашорды – Хамита Тоқтамышева

В статье освещена сложившаяся политическая ситуация первой четверти ХХ века и особые аспекты жизни военного деятеля Хамита Тоқтамысова. Дореволюционный жизненный путь и деятельность личности по-прежнему требуют изучения для исследователей. Тем не менее, в

нашей исследовательской работе были предприняты попытки изучить неизвестные аспекты жизни и деятельности деятеля. Летопись политических событий и Гражданской войны 1917–1920 годов неразрывно связана с историей движения Алаш. В исторических документах этих лет наряду с деятелями Алаша часто упоминается имя Хамита Тоқтамышева. При этом автор сделал акцент на деятельности деятеля в военной сфере, научно обосновав ее документами из архивных фондов. В частности, отношения Хамита Тоқтамышева с сибирскими политическими силами, как заведующего воинской частью Алашорды, подкреплены документами. Также во главе военных формирований Алаш, действовавших в составе антибольшевистских сил, с уважением называют имя Хамита Тоқтамышева. То есть документы из отечественных и российских архивных фондов свидетельствуют о том, что Хамит Тоқтамышев в годы Гражданской войны был главной военной фигурой в формировании национальных воинских формирований. В исследовании всесторонне проанализирована профессиональная военная деятельность и судьба офицера Алаш, который в результате детального анализа был представлен научному сообществу.

**Ключевые слова:** Алашорда, военный совет, полк Алаш, милиция, Сибирское правительство, советская власть, Гражданская война.

## Кіріспе

Алашорда үкіметінің ішкі құрылымында күрделі һәм әлі күнге дейін толыққанды зерттелмеген, зерттеушілер тарапынан толық ғылыми бағасын алмаған мәселе – ұлттық әскер жүйесі. Тарихи әдебиеттерде «полк», «милиция» атауларымен белгілі Алаш әскерін құруда кәсіби әскери офицерлер көп болған жоқ. Олар: Хамит Тоқтамышев, Молданияз Бекімов, Сабыр Сарығожин, Ғали Самратбеков және т.б.

Осы шағын мақаламызда солардың бірегейі – Алашорданың әскери қайраткері Хамит Тоқтамышевтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне тоқталмақпыз.

## Материалдар және әдістер

Қайраткердің тұлғалық болмысы мен қайраткерлік қызметінен мәлімет беретін деректер негізінен отандық (ШҚО ҚЗТҚО, КРОМА) және ресейлік мұрағат қорларында (РГВА, ГАРФ, ТОММ) жинақталған. Сонымен қатар, сібірлік саяси күштердің әскери іс-қимылдары мен кеңсе құжаттары топтастырылған жинақтардан Х. Тоқтамышев туралы деректер кездеседі. Әсіресе, ресейлік көрнекті тарихшы-ғалым В.В. Шиш-киннің (Временное Всероссийское, 2010) және қазақстандық тарихшылардың құрастырған академиялық жинақтарының (Движение Алаш, 2005) тұлға үшін деректік құндылығы зор.

Зерттеу жұмысын жазу барысында ХХ ғасырдың басындағы саяси өзгерістерге тұлғалық фактордың ықпалы басшылыққа алынды. Қайраткердің саяси портреті кеңестік кезеңде жабық тақырыптардың санатында болғандықтан, жаңа методологиялық ұстанымдарды қажет етеді. Әсіресе, тарихилық, жүйелілік, салыстырмалы

талдау әдістері арқылы мәселенің ғылыми сипатын зерделеуге тырыстық.

Тұлғатану бағытында отандық тарихнамада жазылған ғылыми зерттеулерді негізге ала отырып, деректерді жүйелеу, тұлға өмірін кезеңдеу, оқиғалар желісін жүйелеу әдістерін қолдандық.

## Нәтижелер және талдаулар

Алаш офицері Х. Тоқтамышевқа қатысты ғылыми зерттеу еңбектері тіптен аз. Алаштанушы-ғалымдардың еңбектерінде ішінара есімі аталғаны болмаса, Алаш офицері туралы толыққанды мәліметтерді кездестірмейміз. Дегенмен де, алаштанушы ғалымдар Д. Аманжолова (Аманжолова, 2009), Е. Сайлаубай (Сайлаубай, 2000), Б. Әбдіғалидың (Абдығалиұлы, 2017) зерттеулерінде Хамит Тоқтамышевқа қатысты тарихи мәліметтер ұшырасады. Тұлғаның өмірі мен қызметі алдағы уақытта жекелей зерттеу жұмыстарын, арнайы ғылыми ізденістерді қажет етері сөзсіз.

Х. Тоқтамышевтың туған жылы туралы әзірге нақты ақпарат жоқ. Соңғы ғылыми ізденістерге дейін Хамит Тоқтамышевтың шығу тегіне қатысты татар, башқұрт дегендей әрқилы көзқарастар болғандығы анық. Алайда, зерттеуші Берік Әбдіғалидың Алаш әскері мәселесі бойынша ізденістерінің нәтижесінде оның Семей жерінің қазағы екендігі, тегі төре тұқымынан болуы әбден мүмкін деген тұжырымға келеді. Бұған себеп, ресейлік мұрағат қорларынан Х. Тоқтамышевтың туған інісіне қатысты деректің табылуында болып отыр. Атап айтар болсақ, Мәскеу әскери-тарихи мұрағатында 25-інші атқыштар полкінен 8-інші Сібір артиллерия полкіне 1912 жылы ауыстырылған Тоқтамышев Сұлтанмұрат Неғматоллаұлы деген подпоручиктің қызметіне қатыс-

ты дерек кездеседі. Мәселен, Сұлтанмұрат Неғматоллаұлы 1889 жылы Семей өңірінде өмірге келгендігі, діні мұсылман, шығу тегі төре әулетіне жататындығы айтылған. Сондай-ақ, аталған мұрағаттық деректе оның Сібір кадет корпусы мен Киев әскери училищесін тәмамдап, 1909 жылы подпоручик әскери шеніне ие болғандығы көрсетілген (РМӨТМ, қ. 400: т. 9, і. 34266, п. 219.). Осы жерде баса назар аударатын мәселе, патшалық дәуірде ресейлік әскери оқу орындарында көбіне хан-сұлтандардың тұқымдары білім алды.

Әскер құру ісінде Алашорда үкіметі анти-большевиктік саяси күштерге жүгінуге мәжбүр болды. Әскер ісіне үйрететін офицерлер мен нұсқаушылардың барлығы дерлік ресейлік күштерден келді. Сондай әскери офицерлердің бірі штабс-капитан Хамит Тоқтамышев. Ал, Х. Тоқтамышевтың Семей жеріне келуі 1918 жылдың бас кезіне сәйкес келеді. Бұл кезде Семей қаласында ақ гвардияшылар пен большевиктердің текетіресі күн сайын өршіп бара жатты. Сондықтан, большевиктерге қарсы күресте жергілікті ұлттардан әскери бөлімдер жасақтау ісін жоғарыда аталған азаматтық қарсыласу үдерісі тездетте түсті.

Қазақ ұлттық әскери қосындарын құруға қатысты ұстаным 1917 жылдың ақпан айынан кейінгі өлкелік және жалпыұлттық қазақ съездерінде күн тәртібіндегі мәселелер қатарында болды. Атап айтқанда, 1917 жылы 21-26 шілде айларында Орынбор қаласында өткізілген I жалпы қазақ съезі хаттамасында: «Осы күнгі дайын әскер орнына халық милициясы құрылсын» деп айқын көрсетілген. «Қазақ» ұлттық басылымының 1917 жылғы қараша айындағы нөмірінде халықты қорғау үшін ұлттық милиция қажет екендігі, ал ұлтты қорғау ісін қолға алмасақ, қазақ халқының құрбан болатындығы баса айтылды (Нұрпейісов, 1995: 146-147) үндеуден қазақ қоғамында әскер мәселесінің қаншалық өзекті екендігін аңғару қиын емес. 1917 жылғы 5-13 желтоқсанда Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде ұлттық әскер мәселесі қозғалып, Халел Ғаббасов халық милициясын құру жайында баяндама жасады. Алайда әскер құру ісі тек 1918 жылдың қаңтар-мамыр айларында ғана мүмкін болды.

Алашорда үкіметінің мемлекеттік құрылымды нығайту бағытындағы заңдық күші бар құжаттарындағы Алашорданың әскери кеңесін жасақтау жөніндегі 1918 жылғы 11/24 маусымдағы үкімет төрағасы Ә. Бөкейхан, мүшелері М. Тынышпаев пен Х. Ғаббасов қол қойған

қаулыда: «Алашорда үкіметі жанынан ұшадамнан тұратын әскери кеңес құрылсын, оларға әскери министрліктің қызметі кіреді. Алашорданың уездік және облыстық бөлімшелерінің жанынан әскери кеңестер ашылсын. Әскери кеңес большевиктерге қарсы күресте әскер қатарына жігіттерді шақыруға міндеттеледі» (Алаш-Орда, 1992: 109) деп көрсетілген. Әскери кеңес құру арқылы Алашорда үкіметінің әскери жүйесі біршама жолға қойылған.

Семей қаласында құрылған бірінші Алаш атты полкінің құрылуы Хамит Тоқтамышевтың есімімен тікелей байланысты. 1918 жылдың 17 мамырында большевиктерден ығысқан Алаш жасақтары Сор шатқалына (Жарқын ауылы маңы) қарай шегінеді. Осы жерде Хамит Тоқтамышев басшылық жасаған құрамында 38 офицер мен 750 жауынгерден тұратын бірінші Алаш атты әскер полкінің құрылу тарихы бастау алады. Бір ай бойы әскери дайындыққа машықтанған Алаш жасағы 19 маусым күні Алаш қаласына келеді. Айбынды жасақтың келу құрметіне Никольский шіркеуі жанындағы алаңда салтанатты кездесу ұйымдастырылды. Жиында штаб полкы бастығының көмекшісі Папин, штаб адъютанты капитан Виноградов және Уақытша Сібір үкіметінің өкілі Давыдов сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға келген Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның құрметіне подполковник Тоқтамышевтың бұйрығымен атты әскер «Алла» деп ұрандады.

Әскердің ақ түсті жалауында қазақ тілінде «Жасасын Бүкілресейлік және Сібір Құрылтай жиналысы», «Жасасын Отанның адал ұлдары» деген жазу болды. Жалынды сөздер айтылған кездесу отаншылдық рухта өтті» (Свободная речь, 1918) деп баяндалады. Мұндай әскери шерулер халықтың Алашорда үкіметіне деген сенімін күшейту және әскер қатарына қазақтың жігіттерін тарту мақсатында ұйымдастырылғаны анық.

Әскер жасақтау ісіне қатысты ресейлік күштермен арадағы құжаттарда Хамит Тоқтамышевтың есімі жиі аталады, тіпті Алашорданың әскери бөлім меңгерушісі ретінде қол қойған құжаттар да кездеседі. Мәселен, «Әскери Министрлік басқармасына. Сіздің қабылдаған резолюцияңызға менің қатынасым туралы жауапты хабарласам, Алаш-Орда өз армиясын федеративтік өкімет қол астындағы Жалпыресейлік армияның құрамдас бөлігі деп ойлайды. Алаш-Орданың Әскери бөлім меңгерушісі Капитан Тохтамышев. № 236. 26 шілде 1918 ж. Омбы қаласы. Көшірме дұрыс. Адъютант

Подпоручик Марусевич» (ТОММ, 0578-қор: 1-тіз., 4-іс, 6-7 пп.). Құжаттан байқағанымыздай, Семейде Алаш әскерін ұйымдастыру мәселесі тікелей Сібір үкіметі әскери министрлігінің келісімімен жүзеге асырылды.

Алашорда әскери бөлімінің Әскери министрлік басқармасына жазған хатында: «Алашорда өкіметі Уақытша Сібір өкіметімен большевиктермен күресеміз және елді Құрылтай Жиналысына дейін жеткізеді деп шешті. Алашорда өкіметі өз әскерін құру туралы қаулы қабылдады, қару-жарағы, әскерді ұстайтын қаражаты жоқ. Алашорда үкіметі Уақытша Сібір үкіметінен қазақ әскерін әскери инструкторлармен, қару-жарақпен және азық-түлікпен қамтамасыз етуді сұрайды. Алашорда үкіметі қазақ әскерін құруды талқылай келе, 4 атты корпус пен бір жеке дивизия жасақтауға шешім қабылдады. Әскер төмендегі шарттар бойынша құрылатын болды:

1) Командалық құраманы тағайындағанда сайлау бастамасына жол берілмейді.

2) Басқару лауазымына тағайындалғанда шені, жасы, ұлты есепке алынбайды, тек білімі мен тәжірибесі есептеледі.

3) Басқару лауазымына тағайындауды Қырғыз Әскери Штабы жүзеге асырады.

4) Әскерде қандай да бір құрамалық не шаруашылық Комитеттің болуына жол берілмейді.

5) Армияның негізі басшының еркіне сөзсіз бағыну түрінде бейнеленетін қатаң тәртіп болып табылады.

6) Қазақ Армиясы қандай жағдай болмасын өз Штабына тікелей бағынады, алайда Уақытша Сібір өкіметі әскерімен бірлескен іс-қимыл барысында ұлтына қарамай Жоғары Штабқа бағынады», – деп жазылып, Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышевтың қолы қойылған (ТОММ. Р-72-қор: 1 тізім, 5 іс, 7-8 п.).

Алаш әскери құрылымдары мен полктерін жасақтау ісінде ең алдымен Хамит Тоқтамышевтың қайраткерлерлік еңбегін баса айтуға тиіспіз. Бұған ресейлік саяси күштермен жазысқан үкіметаралық хаттар мен телеграммалар және Алашорда әскери кеңесінің атынан қойылған қолдары дәлел бола алады. Осы тұрғыда Әлихан Бөкейхан, Мұхаметжан Тынышбаевтармен қатар, Хамит Тоқтамышев та Алаш полктерін қалыптастыруға ерен еңбек сіңірді.

Әскер құру үшін арнайы офицер-инструкторлар мен юнкерлер дайындайтын оқу орындарын ашу міндеті тұрды.

Алаш қаласында әскер құру ісіне байланысты қазақ ұлтынан офицер мамандарды даярлау үшін 1918 жылдың күзінде офицерлер дайындайтын медресе ашылады. Бұл медреседе Ғабдолла Қоскеев, Ахмет Әуезов, Смағұл Әмзин, Омар Ермұхаметов, Ғабдолхак Ғабдолрахимов, Хәкім Бейсекеев сынды қазақ жастары оқып, әскери өнерді меңгере бастаған. Офицерлік мектептің ашылуына Хамит Тоқтамышев ұйытқы болды. Атап өтерлігі осындай юнкерлік училище Жымпитыда да ашылды (Шаяхметов, 2001: 114).

Әскер құру немесе ұстап тұру мәселесінде түрлі кедергілер кездесіп отырды. Осыған байланысты Алашорданың Уақытша Сібір үкіметіне жолданған қатынас хаттарында да ең алдымен әскерге керекті қару-жарақ пен қаржы мәселесінің жетіспеуі жөніндегі баяндаулары жиі кездеседі.

Мәселен, Әскери бөлім меңгерушісі капитан Тоқтамышев пен подпоручик Марусевич қол қойған мына хатта «Қазіргі кезде Семей қаласында құрамында 28 офицер және жаттығуды бастаған 750 атты жігіттері бар бірінші Алаш Атты Полкі құрылды. Сонымен бірге қаражатсыз, қару-жарақсыз, киімсіз, нұсқаушысыз отырған Павлодар қаласында 150 жігіт, Зайсанда 200, Қарқаралыда 250 және Өскеменде 250 жиналды» (ТОММ. Р-72-қор: 1 тізім, 5 іс, 15-16 п.) – деп ұлттық әскер құру жолындағы негізгі кедергілерді атап көрсеткен.

Негізінен, әскерге қажетті құрал-сайманның тапшы болуы, тамақ нашарлығы, киім-кешек жетіспеуі милиция қатарына алынған жасақтардың әскери міндетін тастап, ауылдарына қашуға себепші болған. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін, Алашорда алғашқы мобилизация кезінде шет қалған болыстардан милиция қатарына қайтадан жігіт жинаған кезде уездік басқармаларға жігіттердің дені сау, аттары жарамды, құрал-саймандары түгел болуын тексеріп алуды тапсырады.

Қаржыландырудың жоқтығына байланысты Тынышпаев тамыз басында Омбыға Ә.Н. Бөкейхан мен Х. Тоқтамышевқа телеграфпен «Алыс жатқан болыстардан, тіпті, басқа уездерден келіп жатыр. Екінші полк құруға, екі полкті бұйрық бойынша өткізуге қол жеткізіңіз, әйтпесе, индентант барлығынан бас тартады; қаражат бітті. Бұдан әрі қаражат бөлуді жергілікті штаб тоқтатты. Бірінші Алаш полкін тарату мәселесі тұр. Күн сайын жаңа шақырылушылар келіп жатыр. Амалсыз жағдай орнығуда. Дереву телеграфпен хабарласыңыз» – қалыптасқан жағ-

дайды мәлімдегенін көреміз (ТОММ. Р-72 қор: 1 тізім, 5 іс, 5 п.).

Сондай-ақ большевиктер күш алып, жағдай қиындап қара жатқан кезде, қару-жарақ мәселесі де туындағанын құжаттардан байқаймыз. Жетісу майданында әскерге қару-жарақтың жетіспеушілігіне байланысты М. Тынышпаев 13 тамызда Уақытша Сібір үкіметіне телеграф арқылы байланысқа шықты: «Жетісу большевиктерден тез арада босатылуға мұқтаж болып отыр, үшінші жыл қан төгілуде, Алашорда Уақытша Сібір үкіметінен: біріншіден – басынан бастап Алашорда ұсынғандай он мыңнан астам большевиктер қаруланған Жетісуға баса назар аударуды, Жетісу майданына қатысу үшін Алаш жасағына қару-жарақ беруді жылдамдатуыңызды сұрайды» (РФММ, 176 қор: 1 тізім, 1 іс, 246-247 п.).

1918 жылдың 12-22 қазан күндері Колчактің тапсырмасымен екінші далалық Сібір корпусының командирі генерал-майор Матковский Жетісу майданына барды. Генерал-майор майдандағы әскери құрылымдар мен ұлттық қосындарға қатысты шешім шығару мақсатында жіберілген еді. Корпус командирі бірінші Алаш полкін 5-ші Сібір атқыштар дивизиясына қосуға, осыған байланысты полк атауын «бірінші Қазақ атты әскер полкі» атауына өзгертіп, оны дивизия қарамағына толығымен бағындыруға шешім шығарды. Аталған полк басшылығына Хамит Тоқтамышовтың орнына әскери старшина Н.Д. Кольц бекітіледі.

Сібір 5-ші атқыштар дивизиясының құрамында 1919 жылғы 16 қазанда Алашорда әскери кеңесінің тікелей араласуымен 2-ші қазақ әскери полкі құрылды. Оған басшы болып бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысушы, Жетісудың тумасы, санаулы Алаш әскери командирлерінің бірі подполковник Ғали Самұратбеков тағайындалды.

Ал, Жетісу өңіріне жаңадан келген атаман Б. Анненков басқаша әрекет етуге көшті. Ол керісінше, өз әскери құрамын толықтыру үшін жаңаша әрекет ете бастады. Оның әскерінде татар, башқұрт қосындары, 2 қытай ротасы мен 2 ауған және парсы ротасынан тұратын шетелдік батальондар болды. Семей өңірі бойынша Алашорданың ұлттық әскери бөлімдерін құру туралы ниетіне қолдау білдіріп, осы бастаманы іске асыруға өзі кірісті. Хамит Тоқтамышевқа «партизандық Қазақ атты әскер полкін» құру ісі тапсырылды. 5-ші Сібір дивизиясының 1-ші Қазақ әскери полкінің құрамына қосылмағандарды Хамит Тоқтамышев өз әскери бөліміне алды (Әбдіғалиұлы, 2017:

93-94). Кейіннен Тоқтамышевқа полковник атағы берілді. Себебі, Х. Тоқтамышев қазақ ортасындағы кәсіби әскери білім алған санаулы тұлғалардың бірі еді.

Әскери қайраткердің ұлттық полк жасақтауды барлық жағынан назарда ұстағандығы белгілі. Соның бірі Алаш сарбаздарына ыңғайлы, бірыңғай киіммен қамтамасыз етілуін өз бақылауына алған.

Алаш әскеріне қажетті әскери киімді даярлауда Алашорда қайраткерлерінің үй-іштері аса ынталылық танытқан. Мәселен, Алашорда үкіметінің мүшесі Мұхаметжан Тынышпаевтың зайыбы Гүлбаһрам Тынышпаеваның бастауымен Алаш қаласының тұрғын әйелдері әскери киім тігу мақсатында арнайы «әйелдер қоғамын» құрғанын «Воля народа» газеті 37-санында (30 қазан 1918 жыл) жарияланды.

Осы игі іске қатысты Хамит Тоқтамышев Сарыарқа газеті арқылы: «Қазақ әскерінің атынан әскердің киімін тігіп берген Алаш қаласындағы ханымдарға көптен көп тәңір жарылқасын айтуды міндет көрдім. Әсіресе, күні-түні демей қызмет қылған А.Я. Бөкейханова. Гүлбаһрам Тынышбаеваға һәм Алаш баспаханасын басқарушы Шынжы мырза Керейбаевқа көптен көп тәңір жарылқасын айтамын. Қазақтың көңілді әскерінің бастығы Хамит Тоқтамышев» деп алғысын білдіреді (Сарыарқа, 1919). Жалпы, Алаш әскерінің киімдері, әр полктың ерекшеліктері, қандай әскери құрамалардың сапында болғандығы жеке зерттеулерді талап етеді.

Ақиқатында, ұлттық әскер жасақтау үрдісінің үлкен қиындықтармен жүргізілуі және жоспардағыдай жүзеге аспауының бір көрінісі – ең алдымен кәсіби әскери тұлғалардың жетіспеушілігімен түсіндіруге болады.

Алашорда үкіметінің әскер қатарына 30 жігіттен мобилизация жасауы ІІІ кезеңнен тұратындығы деректер арқылы анықталып отыр.

І кезең: 1918 ж. Алашорда үкіметінің 25(12) маусым бұйрығы бойынша әскер қатарына шақырту басталды.

ІІ кезең: 1918 ж. 25 қазанындағы № 218 қаулыға сәйкес Алашорда Ұлт Кеңесінің мүшесі Мұхаметжан Тынышпаевтың бұйрығымен І мобилизацияға ілінбеген болыстардан жедел түрде 30 жігіттен шақырту тапсырылды.

ІІІ кезең: 1919 жылдың 1 қазанынан бастап 2-арнайы Далалық Сібір корпусының бұйрығы негізінде капитан Хамит Тоқтамышевтың бақылауымен және Алашорданың облыстық кеңестеріне жүктелген міндет бойынша шақырту жүктелді.

ІІІ кезеңдегі мобилизация Сібірлік әскери күштердің Шығыс майданда қалыптасқан ауыр жағдайына байланысты туындаған әрекет еді (Шаяхметов, 2001: 112-113). Осы аталған үш кезең Алашорда әскери құрылымдарының қалыптасуы, әрекет ету және құлдырау көріністерінің қысқаша сипатын береді.

1919 жылдың басында ақ ұлттық мемлекеттік құрылымдар ақ гвардияшылардан теріс айнала бастады. Ең алдымен татарлар, одан соң башқұрттар әскерімен қоса Кеңес үкіметі жағына өтті. Бұл шынымен де онсыз да әлсіреп тұрған антибольшевиктік күштердің ыдырауына басты себептердің бірі болды. 1919 жылдың соңы мен 1920 жылдың басында Алашорда таратылды. Алашорда әскери құрылымдарының кейбір бөліктері Қытайға ақгвардияшылармен Қытайға асса, негізгі құрамы қызыл әскер құрамына өтті.

1920 жылдың 6 қаңтарында Түркістан майданының қолбасшысы М.В. Фрунзенің В.И. Ленин мен Л.Д. Троцкийге жолдаған жеделхатында Алашорданың батыс бөлімшесінің әскери бөлімшелерінің Қызыл әскер қатарына өтіп, соғыс қимылдарына қатынасуы баяндалады [РМӨСТМ, 17 қор: 86 тізім, 129 іс, 7 п.].

1920 жылдарға қарай Азамат соғысында басымдықтан айырыла бастаған антибольшевиктік күштердің тағдыры әрқилы өрбіді. Бірқатар әскери тұлғалар «бөлінбейтін, біртұтас Ресей» үшін соңғы демі қалғанша қарсыласса, кейбіреулері батысқа бас сауғалап, эмиграциядағы ақгвардияшылардың қатарын толықтырды. Тіпті, кеңестік билікті мойындап, қызыл әскер қатарына өткендері де болды.

Алайда, Хамит Тоқтамышевтың өмірінің соңғы жылдарына қатысты мұрағат деректері әзірге кездеспеді. Тек, өлкетанушы, ақын Қалихан Алтынбаевтың еңбегіндегі мына мәліметтерден Алаш офицерінің қай жылы өмірден өткенін топшылауға болатындай. «1919 жылдың күзінен басталған ақ пен қызылдың арпалысы 1930 жылдардағы ауыл шаруашылығын жаппай колхоздастыруға дейін созылды. Сол аяқастардың елеулі бір бөлігі «Қара кезең» оқиғасына байланысты. Семей атырабында қызылдар

түпкілікті жеңген соң, ақтардың қалдығынан құралған 45 адам 70 арбалы көштен Көкпектінің үстіне баса, қазіргі Ақсуат жеріндегі Карл Маркс совхозының жеріне бет алған екен. Мақсаттары Қытай шекарасына асу. Алайда, ақтар бұл ниетіне жетпеді. Көкпектідегі штаб бастығы Сосновтың басқаруындағы қызыл гвардия полкының бөлімшесі жолшыбай көшті қамап алып, қарусыздандырады. Барлығын Көкпектідегі бұрынғы депо үлкен үйіне әкеп қамайды. Сөйтіп «бұларды не істеу туралы» Семейге телеграмма жолдайды. Қырсыққанда Семейден үш күнге дейін жауап келмеді. Ақырында бөлімше штабы революция атынан тұтқындарды атуға бұйрық шығарады. Тұтқындардың арасында Алаш азаматы, бұрынғы орыс армиясының капитаны Хамит Тоқтамышев, әйелі мен баласы және бір орыс офицері келіншегімен бар еді. Осындағы екі әйел мен нешебір балаға ғана азаттық беріліп, басқаларының тағдыры шешілген. Яғни, 1920 жылдың мамыр айының бір кешінде барлығын Көкпектіден «Қара кезең» бұйратына бастап апарды. Сол жерде өздеріне ұзын ор қаздырады... Сөйтіп барлығы батар күнмен бірге батты... Өліктерді көметін күні Көкпектідегі татардың бір топ беделді ақсақалдары штабтан мұсылманның мүрдelerini сұрап алады. Оларды өзен сыртындағы татарлар зиратына жерлеген. Хамит Тоқтамышевтың денесі үстіндегі әскери формалы киімімен Дәуіт хазірет дегеннің аяқ жағына көміліпті» (Алтынбаев, 2002).

### Қорытынды

Алаштың әскери қайраткері, Алаш мұраты жолында жан аямай қызмет қылған Хамит Тоқтамышевтың өмірінің соңы осылай аяқталды. Саналы өмірін әскери қызметке арнап, азаматтық қарсыласу жылдарында ұлттық Алаш атты полктерін кәсіби тұрғыда құрған Хамит Тоқтамышевтың өмірі мен әскери қызметіне қатысты деректер толық ашылған жоқ. Алдағы уақытта тарихшы мамандардың ізденістерінің нәтижесінде Алаш офицеріне қатысты тың мәліметтер табылатынына сенім мол.

### Әдебиеттер

Временное Всероссийское правительство (23 сентября – 18 ноября 1918 г.) (2010). Сб. документов и материалов / Сост. и науч. ред. В.И. Шишкин. Новосибирск. 362 с.

Движение Алаш. (2005). Сборник документов и материалов. Декабрь 1917 г. – май 1920 г. Алматы: Алаш. Т. 2. 496 бет.

Аманжолова Д.А. (2009). На изломе. Алаш в этнополитической истории Казахстана. Алматы: Издательский дом «Таймас». 412 с.

Сайлаубай Е. (2000). Алашорда әскері // Абай. № 1. 11-16 бб.

- Абдығалиұлы Б. (2017). Войско Алаш. Казахские части в составе Белой армии (1918-1920 гг.). Астана: Фолиант. 416 с.  
Ресей мемлекеттік әскери-тарихи мұрағаты (РМӘТМ) қ.400, т. 9, і. 34266, п. 219. Главный штаб (1865-1918)  
Нұрпейісов К. (1995). Алаш һәм Алашорда. Алматы: Ататек. 256 б.  
Алаш-Орда: (1992). Сборник документов. /Составитель Н. Мартыненко. Алматы: Малое издательство «Айқап», 1992. 192 стр.  
Редакционная заметка о прибытии в г. Семипалатинск казахских отрядов //Свободная речь (1918). 22 июня. №165.  
Томск облыстық мемлекеттік мұрағаты. 0578-қор, 1-тізім, 4-іс. Чрезвычайный Общесибирский областной съезд (7 – 15 декабря 1917 г.).  
ТОММ. Р-72-қор, 1-тізім. 5-іс. Сибирская областная Дума, г. Томск (январь 1918 г., июнь – ноябрь 1918 г.)  
Шаяхметов У. (2001) «Ел бүгіншіл, менікі – ертен үшін»: Оқу құралы. Алматы. 149 бет.  
ТОММ. Р-72-қор, 1-тізім, 5-іс. Сибирская областная Дума, г. Томск (январь 1918г., июнь – ноябрь 1918 г.)  
ТОММ. Р-72- қор, 1-тізім. 5-іс. Сибирская областная Дума, г. Томск (январь 1918г., июнь – ноябрь 1918 г.)  
Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты. 176-қор, 1-тізім, 1-іс. Совет министров Российскойского правительства. Омск. 1918-1920.  
Әбдіғалиұлы Берік. (2017). Алаш әскері. 1918-1920 жж. – Астана: Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты. 392 бет.  
Токтамышев Х. (1919) Басқармаға хат. //Сарыарқа. (1919). № 77.  
Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихи мұрағаты (РМӘСТМ). 17-қор, 86-тізім, 129-іс. Центральный комитет ВКП(б).  
Алтынбаев Қ. (2002). Көкпекті. Новосибирск. 172 б.

### References

- Vremennoe Vserossiyskoe pravitelstvo (23 sentyabrya – 18 noyabrya 1918 g.) (2010). [Provisional All-Russian Government]. Sb. dokumentov i materialov / Sost. i nauch. red. V.I. Shishkin. Novosibirsk. 362 s.  
Dvizhenie Alash. (2005). [Alash Movement]. Sbornik dokumentov i materialov. Dekabr 1917 g. – may 1920 g. Almaty: Alash. T. 2. 496 bet.  
Amanjolova D.A. (2009). Na izlome. Alash v etnopoliticheskoy istorii Kazakhstana. [At the break. Alash in the ethnopolitical history of Kazakhstan]. Almaty: Izdatelskiy dom «Таумас». 412 s.  
Sailaubai E. (2000). Alashorda askeri. [Alash Orda Army] // Abai. № 1. 11-16 bb.  
Abdygaliuly B. (2017). Voysko Alash. Kazakhskie chasti v sostave Beloy armii (1918-1920 gg.). [The Alash army. Kazakh units in the White Army]. Astana: Foliant. 416 s.  
RMA TM [Russian State Military-Historical Archive] q.400, t. 9, i. 34266, p. 219. Glavnyi shtab [General Staff] (1865-1918)  
Nurpeiisov K. (1995). Alash ham Alashorda. [Alash and Alashorda]. Almaty: Atatek. 256 b. Alash-Orda: (1992). Sbornik dokumentov. /Sostavitel N. Martynenko. Almaty: Maloe izdatelstvo «Aiqap», 1992. 192 str.  
Redaktsionnaya zametka o priyitii v g. Semipalatinsk kazakhskikh otryadov [An editorial note on the arrival of Kazakh detachments in Semipalatinsk] //Svobodnaya rech (1918). 22 iyunya. №165  
Tomsk oblystyk memlekettik muragaty. [State Archive of the Tomsk Region]. 0578-qor, 1-tizim, 4-is. Chrezvychaynyy Obshchibirskiy oblastnoy syezd (7 – 15 dekabrya 1917 g.) [Extraordinary All-Siberian Regional Congress].  
ТОММ. [State Archive of the Tomsk Region] R-72-qor, 1-tizim. 5-іs. Sibirskaia oblastnaya Duma, g. Tomsk (yanvar 1918g., iyun – noyabr 1918 g.) [Siberian Regional Duma].  
Shaiahmetov U. (2001) «El buginshil, meniki – erten ushin» [The country is for today, mine is for tomorrow]: Oku kuraly. Almaty. 149 bet.  
ТОММ. [State Archive of the Tomsk Region]. R-72-qor, 1-tizim, 5-іs. Sibirskaia oblastnaya Duma, g. Tomsk (yanvar 1918g., iyun – noyabr 1918 g.) [Siberian Regional Duma].  
ТОММ. [State Archive of the Tomsk Region]. R-72- qor, 1-tizim. 5-іs. Sibirskaia oblastnaia Duma, g. Tomsk (ianvar 1918g., iun – noiabr 1918 g.) [Siberian Regional Duma].  
Resei Federasiyasynyn memlekettik muragaty. (RF MM) [State Archive of the Russian Federation]. 176-qor, 1-tizim, 1-іs. Sovet ministrov Rosiskogo pravitelstva. Omsk. 1918-1920. [Council of Ministers of the Russian Government. Omsk].  
Abdigaliuly Berik. (2017). Alash askeri. [Alash Army]. 1918-1920 jj. – Astana: Kazaqstan Respublikasy Prezidenti janyndagy Kazaqstan strategialyk zertteuler instituty. 392 bet.  
Toktamyshev X. (1919) Basqarmaga xat. [Letter to the Board] //Saryarka. № 77.  
Resei memlekettik aleumettik-saiasi tarihy muragaty (RMA STM). [Russian State Archive of Socio-Political History]. 17-qor, 86-tizim, 129-іs. Sentralnyi komitet VKP(b). [Central committee of the Bolshevik Party].  
Altylnbaev K. (2002). Kokpekty. [Kokpekty]. Novosibirsk. 172 b.